




Әулиекөл аудандық кітапханасы
Әдістеме-библиографиялық бөлімі
Аулиекольская районная библиотека
Методико–библиографический отдел

Жаңа кітаптар


2021 жыл



Тоқаев, Қ.-Ж.

Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу=Преемственность. Справедливость. Прогресс [Мәтін] : Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың 2019 ж. наурыз – 2020 ж. наурыз аралығында сөйлеген сөздері, сұхбаттары мен мақалаларының жинағы. Т. 1 / Қ.-Ж. Тоқаев ; [ҚР Президенті Баспасөз қызметі ; жетекшісі – Б. Уәли] – Нұр-Сұлтан : [б. и.], 2020. – 432 б.+флеш-карта.


Қазақстан – жаһандық өзгерістер өріс алған жаңа кеңестік пен уақытқа қадам басқан ел. Бұл кітапқа Қ.-Ж. Тоқаевтың елімізді дамыған елдердің қатарына қосу мақсатымен қолға алған бастамалары және халықтың жарқын болашағы үшін жүзеге асырылатын жобалар туралы ой-пікірлері, мемлекеттің алдында тұрған басым бағыттар мен міндеттерді айқындауға арналған жалпыұлттық іс-шараларда сөйлеген сөздері топтастырылған.



Тоқаев, Қ.-Ж.

Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу=Преемственность. Справедливость. Прогресс [Мәтін] : Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың 2019 ж. наурыз – 2020 ж. наурыз аралығында сөйлеген сөздері, сұхбаттары мен мақалаларының жинағы. Т. 2 / Қ.-Ж. Тоқаев ; [ҚР Президенті Баспасөз қызметі ; жетекшісі – Б. Уәли]. – Нұр-Сұлтан : [б. и.], 2020. – 320 б. + флеш-карта.


Бұл кітапқа Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың ел өңірлеріндегі жұртшылық өкілдерімен кездесу өткізіп, ел мен жердің тағдыры, қоғамның дамуы, сабақтастық, әділеттілік және өрлеу туралы ой-толғамдары, еліміздің алдында тұрған басым бағыттар мен міндеттер жөнінде сөйлеген сөздері топтастырылған.



Тоқаев, Қ.-Ж.

Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу=Преемственность. Справедливость. Прогресс [Мәтін] : Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың 2019 ж. наурыз – 2020 ж. наурыз аралығында сөйлеген сөздері, сұхбаттары мен мақалаларының жинағы. Т. 3 / Қ.-Ж. Тоқаев ; [ҚР Президенті Баспасөз қызметі ; жетекшісі – Б. Уәли]. – Нұр-Сұлтан : [б. и.], 2020. – 224 б. + флеш-карта.


Бұл кітапқа Қ.-Ж. Тоқаевтың еліміздің көпжақты сыртқы саяси ұстанымдарына байланысты құнды ой-пікірлері, халықаралық маңызы зор әлемдік сыртқы саяси жиындарда сөйлеген сөздері енген.



Тоқаев, Қ.-Ж.

Сабақтастық. Әділдік. Өрлеу=Преемственность. Справедливость. Прогресс [Мәтін] : Мемлекет басшысы Қ.-Ж. Тоқаевтың 2019 ж. наурыз – 2020 ж. наурыз аралығында сөйлеген сөздері, сұхбаттары мен мақалаларының жинағы. Т. 4 / Қ.-Ж. Тоқаев ; [ҚР Президенті Баспасөз қызметі ; жетекшісі – Б. Уәли]. – Нұр-Сұлтан : [б. и.], 2020. – 192 б. + флеш-карта.


Бұл кітапқа Қазақстан Президентінің бір жыл ішіндегі отандық және шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған мақалалары мен сұхбаттарында еліміздің шетел мемлекеттерімен арасындағы байланыстарға, халықаралық қатынастар мәселесіне, ұлтымыздың рухани-мәдени құндылықтарына қатысты ой-толғамдары топтастырылған.



Кентбаева, Б. А.

Орман тұқым ісі [Мәтін] : оқу құралы / Б. А. Кентбаева, Е.Ж. Кентбаев. – Алматы : ТОО «Лантар Трейд», 2020. – 182 б.

Оқу құралы орман тұқым ісі жұмысының негізгі сұрақтарын қамтиды: тұқым жинау, өңдеу, талдау, паспорттау, тасымалдау, сақтау және тұқымды себуге дайындау, жеміс беру ерекшеліктері, орман тұқымдарын аудандастыру, өнімділікті есептеу тәсілдері және болжау және т. б.




Джумадуллаев, К. А.

Қабілетті балаларға арналған мектептерге түсушілердің математикалық арсеналы [Мәтін] / К. А. Джумадуллаев, Б. К. Рысбеков. – Алматы : ТОО «Лантар Трейд», 2020. – 86 с.

Еңбекте мектептің 6-сынып математикасының барлық маңызды бөлімдерінен 557 есеп шешімдерімен келтірілген.


Материалдың өте тиімді, тәжірибелік маңызы бар 32 карточка түрінде ыңғайлы орналасуы оқырманға математикалық дайындық сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.



Сағадиев, К.

Он томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : 1 т. : Ерғалиев Ж. Академик Кенжеғали Сағадиев : ғұмырнамалық хикаят / К. Сағадиев ; жауап. ред. К. Бәкір. – Алматы : Төрт Бөрі, 2016. – 384 б.


Бұл кітапта халқымыздың біртуар абзал азаматының балалық шағынан бүгінге дейінгі тағдырының айтулы кезеңдері мен өмір жолы қамтылып отыр.



Сағадиев, К.

Десяти томный сборник произведений [Текст] : Т. 2 : Проблемы повышения экономической эффективности материально-технического снабжения: избранные труды / К. Сағадиев ; отв. ред. К. Бәкір. – Алматы : Төрт Бөрі, 2016. – 248 с.


На основе анализа деятельности снабженческо-сбытовых организаций Казахской ССР автором даются рекомендации по повышению производительности труда, снижению издержек обращения, увеличению рентабельности и улучшению использованию производственных фондов в данной сфере.



Сағадиев, К.

Десяти томный сборник произведений [Текст] : Т. 3 : Материально-техническое снабжение и эффективность производства: избранные труды / К. Сағадиев ; отв. ред. К. Бәкір. – Алматы : Төрт Бөрі, 2016. – 276 с.


В монографии рассматриваются роль и значение материально технического снабжения и современном общественном производстве, показано его влияние на темпы и эффективность общественного производства.



Сағадиев, К.

Десяти томный сборник произведений [Текст] : Т. 4 : Жаңару көшінде. Реформы: аналитический взгляд: статьи, письма, выступления, интервью / К. Сағадиев ; отв. ред. К. Бәкір. – Алматы : Төрт Бөрі, 2016. – 560 с.


Книга содержит авторский взгляд на происходящие реформы в трех сферах: экономике, науке и образовании. Безусловно поддерживая и обосновывая необходимость радикальных реформ в них, автор высказывает собственную точку зрения относительно стратегии и тактики этих преобразований.



Сағадиев, К.

Десяти томный сборник произведений [Текст] : Т. 5 : Жаңару көшінде. Реформы: аналитический взгляд: статьи, письма, выступления, интервью / К. Сағадиев ; отв. ред. К. Бәкір. – Алматы : Төрт Бөрі, 2016. – 404 с.


Сборник содержит выступления автора по проблемам конкурентоспособности, кластерному развитию, совершенствования денежно-кредитных и финансовых отношений.



Сағадиев, К.

Десяти томный сборник произведений [Текст] : Т. 6 : Жаңару көшінде. Реформы: аналитический взгляд: статьи, письма, выступления, интервью / К. Сағадиев ; отв. ред. К. Бәкір. – Алматы : Төрт Бөрі, 2016. – 528 с.


Книга содержит выступление автора по актуальным проблемам экономического развития Казахстана в начале XXI века, в особенности по поводу постстабилизационной модели развития и предстоящего присоединения страны к Всемирной торговой организации.



Сағадиев, К.

Десяти томный сборник произведений [Текст] : Т. 7 : Средний класс – «Тест» на современность: история, теория, статистика / К. Сағадиев ; отв. ред. К. Бәкір. – Алматы : Төрт Бөрі, 2016. – 680 с.

Книга знакомит читателей с трудами известных зарубежных и отечественных авторов, чье внимание в разное время и под разным углом зрения привлекал к себе этот общественный слой.



Сағадиев, К.

Он томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : 8 т. : Замандастар: естеліктер / К. Сағадиев ; жауап. ред. К. Бәкір. – Алматы : Төрт Бөрі, 2016. – 436 б.


Автордың өзі қызметтес әрі әріптес, аға-дос, іні-дос болған көптеген саяси және мемлекет қайраткерлері жайында кеңінен әңгімелейді. Ғасыр тудырған тұлғасы биік тарландардың сан қыры естелікте өзіндік орнымен жеткізіледі.



Сағадиев, К.

Он томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : 9 т. : Лебіздер мен мерейтойлық тілектер: лебіздер / К. Сағадиев ; жауап. ред. К. Бәкір. – Алматы : Төрт Бөрі, 2016. – 760 б.

Бұл томға автордың өмірімен және шығармашылық тағдыр талайымен біте қайнасып, оның жан сырын әр қырынан зерделеген сыралғы адамдардың лебіздері мен мерейтойлық тілектер еніп отыр.




Сағадиев, К.

Он томдық шығармалар жинағы [Мәтін] : 10 т. : Өмір белестері: ғұмырнамалық естелік / К. Сағадиев ; жауап. ред. К. Бәкір. – Алматы : Төрт Бөрі, 2016. – 344 б.

Қолыңыздағы кітаптан елімізге есімі кеңінен белгілі қоғам және мемлекет қайраткері, дарынды ғалым, академик К. Ә. Сағадиевтің өмір жолына қанығасыз.

Автор өз естелігінде балалық күндерден бастау алған өмірінің кезең-кезеңін әсерлі баяндайды.



Унаспеков, Б. Ә.

Желдету және газ жүйелері [Мәтін] : оқу құралы / Б. Ә. Унаспеков, С. Т. Оңғаров. – 2-ші шығ., толық. – Алматы: ЖШС Лантар Трейд, 2018. – 228 б.

Оқу құралы 5B075200- «Инженерлік жүйелер және желілер» және 5B072900 «Құрылыс» (мамандандыру «Жылугазбен жабдықтау және желдету») мамандықтарында оқитын студенттерге арналған.



Унаспеков, Б. Ә.

Жылу өндіргіш қондырғылар [Мәтін] : оқу құралы / Б. Ә. Унаспеков, М. Ә. Әділбеков. – Алматы : ЖШС Лантар Трейд, 2018. – 187, [1] б.


Оқу құралында бу қазандары туралы жалпы мәліметтер берілген. Энергетикалық отынның техникалық сипаттамалары және жану құбылысының теориялық негіздері. Ошақ құрылымдарының бөлінуі сонымен қатар қатты отынды жағу ерекшеліктері және жанудың химиялық реакцияларының кинетикасы.



Кумисбайұлы, Ш.

Бабамдай болғым келеді [Мәтін] : шағын хикаят / Ш. Кумисбайұлы. – Алматы : Балалар әдебиеті, 2021. – 240 б.


Кітап бір хикаят, балаларға арналған көптеген әңгімелерден, ертегілерден тұрады. Уақыттың жаңа өзгерістеріне сай хикаят пен әңгімелердің тақырыбы да әр алуан.



Жылқыбаева, Ш.

Көк Бөрінің көзі [Мәтін] : Т. 1 : Жапон аңыздары мен мифтерімен өрілген көркем публицистика / Ш. Жылқыбаева. – Алматы : Балалар әдебиеті, 2021. – 272 б.

Бұл кітапқа Хирошимадағы Жапония-Еуразия ұйымының, Жапония фольклортанушылар ассоциациясының, Еуразия Жазушылар Одағының мүшесі, жапонтанушы, аудармашы Шарафат Жылқыбаеваның Күншығыс елін әр қырынан көрсететін танымдық публицистикалық мақалалары еніп отыр.



Ботбай, О.

Нұрлы нөсер [Мәтін] / О. Ботбай. – Алматы : Полиграфкомбинат, 2021. – 88 б. + 12 б. фотосүрет.

Кітапта жазбагер ел мен жер, адам мен заман, кәсіп пен нәсіп, өнер мен өмір турасындағы ой толғамдарын ортаға салады.



Ботбай, О.

Нысап сайын береке [Мәтін] : Кәсіпкер жазбалары / О. Ботбай. – Алматы : Полиграфкомбинат, 2021. – 88 б. + 12 б. фотосүрет.

Автор өзінің мына кітабында кәсіпкерліктің қыр-сыры, оған негіз боларлық өмірлік ұстанымдары туралы оқырмандарымен ой бөліседі.



Жабаев, Ж.

Шығармалар жинағы [Мәтін] : 10 томдық. Т. 1 : Өлең-жырлар / Ж. Жабаев. – Алматы : Қазығұрт, 2021. – 440 б.

Жамбыл 175

Қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың 175 жылдық мерейлі мерекесіне арнайы шығарылып отырған 10 томдық жинақтың алғашқы томына енген өлең-жырлары 1937, 1940, 1946, 1955, 1957, 1977, 1982, 1996, 2014 жылдары түрлі баспалардан шыққан.

Бұл томға ақынның кеңестік дәуірге дейінгі және кеңестік дәуір кезеңіндегі сан тарау тақырыпты арқау еткен шағын көлемдегі көңіл-күй лирикалары, философиялық, саяси-әлеуметтік, өткір сатирикалық өлең-жырлары жинақталып берілді.



Жабаев, Ж.

Шығармалар жинағы [Мәтін] : 10 томдық. Т. 2 : Толғау-толғамдар, дастандар, айтыстар / Ж. Жабаев. – Алматы : Қазығұрт, 2021. – 492 б. 10 томдық жинақтың 2-томына көлемді көркем туындылары жинақталып берілді.

Ұлы жыраудың танымдық толғау-толғамдары, эпикалық жыр-дастандары, айтыстары әр жылдары жарық көрген таңдамалы және толық жинақтарынан таңдалып алынды.




Жабаев, Ж.

Собрание сочинений [Текст] : в 10 т. Т. 3 : Избранные произведения / Ж. Жабаев. – Алматы : Қазығұрт, 2021. – 408 с.

Жамбыл Жабаев – истинный гигант народной поэзии. Его творчество выросло на традициях богатейшего фольклора казахского народа.

В третий том данного издания вошли избранные произведения Жамбыла на русском языке переведенные с казахского в 1930 и 1940 годах талантливыми переводчиками.



Жабаев, Ж.

Шығармалар жинағы [Мәтін] : 10 томдық. Т. 4 : Естеліктер / Ж. Жабаев. – Алматы : Қазығұрт, 2021. – 400 б.

Бұл томда Жамбылдың замандасы Кенен ақыннан бастап, кезінде қасында бірге жүріп, талай әңгіме дүкен құрған, ақын жазушылар С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов, Е. Ысмайылов, М. Қаратаев, П. Кузнецовтардың, ұлы ақынның көзін көрген Қ. Қуанышбаев, Қ. Байсейітов, Н. Тілендиев сынды өнер қайраткерлерінің естеліктері бар.



Жабаев, Ж.

Шығармалар жинағы [Мәтін] : 10 томдық. Т. 5, 1-кітап : Кеңестік кезеңдегі зерттеулер / Ж. Жабаев. – Алматы : Қазығұрт, 2021. – 440 б.

10 томдық жинақтың 5-томына академик-жазушы М. Әуезов, С. Мұқанов, Ғ. Мүсірепов бастаған алғашқы жамбылтанушы ақын-жазушылар мен өз зерттеулерінде ұлылардан тағылым алып, танымы қалыптасқан көрнекті әдебиет зерттеушілерінің ғылыми зерттеу мақалалары енгізілді.



Жабаев, Ж.

Шығармалар жинағы [Мәтін] : 10 томдық. Т. 6, 2-кітап : Кеңестік кезеңдегі зерттеулер / Ж. Жабаев. – Алматы : Қазығұрт, 2021. – 424 б.

10 томдық жинақтың 6-томына екі зерттеушінің кітаптары біріктіріліп бірге беріліп отыр. Оның бірі – Жамбылмен көзі тірісінде кездесіп, көп әңгімелескен, С. Бегалиннің «Жамбыл. Өмірбаяндық хикаят» атты кітабы. Екіншісі – Н. Төреқұловтың «Жүз жасаған бәйтерек» атты толымды зерттеу еңбегі.



Жабаев, Ж.

Шығармалар жинағы [Мәтін] : 10 томдық. Т. 7, 1-кітап : Тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулер / Ж. Жабаев. – Алматы : Қазығұрт, 2021. – 436 б.

Бұл томға Жамбыл шығармашылығын зерттеуді кеңестік кезеңде бастаған белгілі ғалымдармен қатар, жамбылтануға өзіндік үлесін қосуға ұмтылған, тәуелсіздік танымының ұстанымдарын негізге алған жаңашыл бағыттағы зерделі зерттеушілердің таңдамалы еңбектері енді.



Жабаев, Ж.

Шығармалар жинағы [Мәтін] : 10 томдық. Т. 8, 2-кітап : Тәуелсіздік кезеңіндегі зерттеулер / Ж. Жабаев. – Алматы : Қазығұрт, 2021. – 424 б.

Бұл томға жас зерттеуші А. Тебегенованың жамбылтануға елеулі үлес болып қосылған «Жамбыл шығармашылығына жаңаша көзқарас: ұлттық сипат және дәстүр жалғастығы» атты монографиясы жеке берілді.



Жабаев, Ж.

Собрание сочинений [Текст] : в 10 т. Т. 9 : Исследования / Ж. Жабаев. – Алматы : Қазығұрт, 2021. – 400 с.

Жамбыл – яркий символ расцвета творческих сил казахского народа в свою эпоху.


В данный том вошли исследования ученых о творчестве Жамбыла на русском языке.



Жабаев, Ж.

Шығармалар жинағы [Мәтін] : Т. 10 : Жамбыл Жабаев. Ұсыныстық библиографиялық көрсеткіш / Ж. Жабаев ; [ҚР Ұлттық кітапханасы ; құраст. Г. Т. Алақүшікова [т. б.] ; ред. : Б. Қ. Оспанова, Н. А. Есқалиева] – Алматы : Қазығұрт, 2021. – 404 б.

Көрсеткіште 1936 жылдан 2021 жылдың сәуір айына дейінгі кезеңде баспа бетінде жарық көрген басылымдар қамтылды.



Ақыш, Н.

Тау ішіндегі тауқымет [Мәтін] : хикаяттар, әңгімелер / Н. Ақыш. – Алматы : Алаш баспасы, 2021. – 384 б. – (Балалар әдебиеті жылы).

Танымал жазушының бұл жинағына жас оқырмандарға арналған шытырман оқиғалы шығармалары еніп отыр.




Әлім, Қ.

Мұңды сапар [Мәтін] : хикаят сапарнама / Қ. Әлім. – Алматы : Ана тілі, 1997. – 135 б.

1992 жылдың 1-18 қыркүйегі аралығында Торғай облысынан жасақталған арнаулы экспедиция Міржақып Дулатұлының мүрдесін 57 жылдан соң Карель АКСР-інің Сосновец станциясындағы қабірден алып, туған топырағына – Жанкелдин ауданы М. Дулатұлы атындағы қауымдастықтың орталығына қайта жерлеудің басы-қасында болды.


Қаламгер-журналист Қ. Әлім осы айрықша жауапты сапарнамаға республикалық «Егеменді Қазақстан» газетінің тапсырмасымен қатысқан еді.



Әлім, Қ.

Сейілмейтін мұң [Мәтін] : трагедиялық хикаят / Қ. Әлім. – Астана : Фолиант, 2010. – 112 б.

Жазушы, Қазақстанның мәдениет қайраткері Қ. Әлімнің бұл трагедиялық хикаятында Қазақстанның халық әртісі Ә. Боранбаевтың өжет өнері мен шырқаулы, шытырманды шығармашылық кезеңі алуан қырынан сомдалған.



Әлім, Қ.

Сыздамашы, жүрегім! [Мәтін] : Эсселер. Көсемсөздер. Новеллалар / Қ. Әлім. – Алматы : Қазығұрт, 2012. – 456 б.

Қазақстан Республикасы Президенті сыйлығының лауреаты (2012 ж.) Қ.

Әлімнің бұл жинағында әр жылғы журналистік жазбалары топтастырылған.

Жаңа Астананың әлемдік бедел-абыройының асқақтығын айшықты бейнелеу

арқылы ертеңгі нұрлы болашағымыздың жарқын көрінісі тайға таңба басқандай қызықтыра тартады.



Әлім, Қ.

Терең тамыр [Мәтін] : тарихи-этнографиялық хикаят / Қ. Әлім , С. Меңдібай. – Астана : Фолиант, 2009. – 848 б.

Бұл кітапта қасиетті Торғай топырағының төл тумасы ел қорғаны, рубасы Арғын Өтей батырдың ғұмыр жолы, ол өмір сүрген кезең және өркен жайған ұрпағы туралы баяндалады.


Ер есімі – ел есінде. Ұлт тарихында ерекше орны бар Өтей батырдың өшпес рухына мінажат ету ұрпақ парызы десек, соның бір өтелген борышы – осы кітап іспетті.



Әлім, Қ.

Алашшыл жүрек [Мәтін] : тәуелсіздік толғауы / Қ. Әлім. – Астана : Фолиант, 2011. – 392 б.


Жазушы Қ. Әлімнің бұл кітабында еліміз Тәуелсіздігінің 20 жылындағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани саладағы жаппай өрлеудің маңызды белестері әр қырынан бедерлі бейнеленген.



Әлім, Қ.

Кәусар [Мәтін] : әдеби портреттер, эсселер / Қ. Әлім. – Алматы : Ана тілі, 2015. – 382, [2] б.


Жазушы Қ. Әлімнің бұл кітабына кәусар бұлақтың сыңғырындай рухани мөлдіріктен сусын қандыарлық әдеби портреттер мен эсселер шоғырланған.



Әлім, Қ.

Қос айқай [Мәтін] : Торғай, Қостанай өңірі ақындарының айтысы / Қ. Әлім. – Астана : Фолиант, 2012. – 520 б.

Бұл кітапта Торғай, Қостанай өңірі ақындарының 1968-2004 жылдар аралығындағы жүйелі болмаса да, ішінара айтыстары жинақталып беріліп отыр.



Әлім, Қ.

Қызбелдің Қайсары [Мәтін] / Қ. Әлім. – Алматы : Ана тілі, 2017. – 320

б.

Бұл кітапқа Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Президенті сыйлығының лауреаты, Қазақстан Журналистика академиясының академигі, Халықаралық Ақпараттандыру академиясының академигі, жазушы Қ. Әлімнің өмірі мен шығармашылығы туралы мақалалар мен эсселер, еңбектеріне қатысты әдеби рецензиялар, мерейтойлық арнау өлеңдер, сондай-ақ ғұмырнамалық хаттар топтамасы енгізілген.



Әлім, Қ.

Мәңгілік шер [Мәтін] : деректі хикаят / Қ. Әлім. – Астана : Фолиант, 2006. – 152 б.

Чернобыль апатына алғашқы айқасқа түскен қостанайлық өрт сөндіруші, осы жанқиярлық ерлігі үшін Кеңес Одағының Батыры атанған Л. П. Телятниковтің ерлігін баяндайтын бұл хикаяттың бастапқы атауы – «Мәңгілік шер» болатын. Оқиғадан кейін іле жазылған бұл шығарма Чернобыль АЭС апатының жиырма жылдығына (2006 ж.) орай әуелгі толық нұсқасымен оқырмандарға ұсынылып отыр.



Әлім, Қ.

Міржақыптың оралуы=Возвращение Миржакипа: документальная повесть [Мәтін] : хикаят сапарнама / Қ. Әлім ; ауд. Ахетов А. – Алматы : Мектеп, 2017. – 200 б. + 16 бет сурет.

1992 жылдың 1-18 қыркүйегі аралығында бұрынғы Торғай облысынан жасақталған арнаулы экспедиция Міржақып Дулатұлының мүрдесін 57 жылдан соң Карель АКСР-інің Сосновец станциясындағы қабірден алып,

туған топырағына – Жанкелдин ауданы М. Дулатұлы атындағы қауымдастықтың орталығына қайта жерлеудің басы-қасында болды. Жазушы-журналист Қ. Әлім осы айрықша жауапты сапарнамаға республикалық «Егемен Қазақстан» газетінің тапсырмасымен қатысқан еді.

Кітапханаға келіңіздір, көріңіздер, оқыңыздар!

Құрастырған: А. Мукушова – Әулікөл орталық кітапханасының аға библиографы